🌱 Ойынның мақсаты: оқушылар арасында экологиялық білімді, экологиялық мәдениетті арттыру. Әрбір адам өз өмір жолында көміртекті із қалдырады. Су мен энергияны шамадан тыс тұтыну, автомобильмен жүру, шетелдік тауарларды сатып алу, тіпті мессенджер арқылы хабарлама жіберу қоршаған ортаға зиян келтіреді. Сондықтан әрбір азаматтың міндеті – көміртекті іздің төмендеуіне ықпал ететін өмір салтын ұстану. Ойынның басында әрбір ойыншыға 50 тонна CO₂ беріледі. Бұл ойынның мақсаты- көміртекті ізді азайту және ауданды қоқыстан тазарту. Ойын қатысушылардың бірінің көміртек ізі 0-ге төмендегенге дейін жалғасады. Оқушылардың ойынға қызығушылығы, белсенділігі өте жоғары деңгейде болды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0awLeYDUwaC2h3dJcyUww9jP36ks28vEiUZovuxF9EzUtx26vV97J6TLRtWz1vYp6l&id=100033371782360&sfnsn=wa&mibexti_d=RUbZ1f

23 қараша күні “Алаш ұлағаты-Ұландар үнінде” жылдық акциясына аясында “Оқуға құштар ұлан” акциясы өткізілді. Акцияда Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік жарқын жұлдызына айналған Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін ұсынды.

<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3444980195764612/>

27 қараша күні Мектеп парламентінің жоспарына сәйкес, Зұлпыхар Динар «Әкем үйреткен» тақырыбында әкесінен үйренген самбо күресінің жаттығу түрлерінен үзінді көрсетті.

<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3444998622429436/>

“Мәдениет және өнер” фракциясының ұйымдастыруымен “Күз ханшайымы” байқауы өткізілді. Мақсаты: Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Байқау қорытындысы бойынша:

👑 Бас жүлде - 9 Б сыныбының ханшайымы - Жаңажол Еркеназ

I орын - 8 Б сыныбының ханшайымы - Камалханова Назымсұлу

II орын - 10 А сыныбының ханшайымы - Кенжебаева Қарақат

III орын - 10 Б сыныбының ханшайымы - Алпысбаева Жарқынай

“Көрермендер көзайымы” номинациясымен 8 А сынып оқушысы - Каган Кәусар, “Өнерлі ару” номинациясымен 7 А сынып оқушысы - Жаңатаева Ақтолқын марапатталды.



13 желтоқсан күні Шығарма жазу: "Болашаққа хат" тақырыбында 5-11 сыныптар аралығында челлендж өткізілді. Челлендж барысында «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтастығы туралы ойлануына негіз болатын тақырыпта шығарма жазу республикалық ЧЕЛЛЕНДЖІНЕ өз үлестерін қосты. Челленджге қатысудағы мақсат: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы өзінің жинақталған білімін білдіру, Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.



16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-атқан таңым, бақ күнім, азаттығым, қуанышым, шаттығым» тақырыбында тағылымды кешболып өтті! Мақсаты: Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүйуге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету.



<https://www.facebook.com/100033371782360/videos/990847048676072/>

24 желтоқсан күні «Ақылды бейсенбі» акциясы аясында 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған "Білімдінің күні жарық" атты дәріс сабақ өткізді. Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру, ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер, позитивті қарым-қатынас, тәрбие, шығармашылық, ұрпақтар сабақтастығы, денсаулық, достық, сүйіспеншілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, қызығушылық, ашықтық, мейірімділік, өзіне деген талапшылдық.

<https://www.facebook.com/100033371782360/videos/726191996076604/>

28 желтоқсан күні Қармақшы аудандық білім бөлімінің басшысы Г.Абдәзиеваның басшылығымен №30 орта мектеп директоры Б.Дүйсенбаев мектебіміздің президенті және Жас Ұлан ұйымының белсенді мүшесімен «Балалар әлеміндегі игі істер» тақырыбында қайырымдылық, мейірімділік шараларын ұйымдастыру мақсатында жаңа жыл мерекесіне байланысты ерекше білім алатын оқушыларды құттықтады. Оқушыларға жаңа жылдық

көңіл -күй сыйлау мақсатымен Аяз ата мен Ақшақар оқушылардың өлеңдерін тыңдап, оқушыларға ізгі тілектерін білдіріп, ата-аналар мектеп ұжымына алғысын айтты.



25-28 желтоқсан күндері аралығында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Жадырашы, Жаңа жыл!» тақырыбында жаңа жылдық кеш ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің әсем ән, би, әзіл, көңілді ойындар арқылы жаңа жылдық кешті көңілді өткізді және Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Ламбада» биімен Көңілді үзіліс жасады.

<https://www.facebook.com/share/v/AuPyLvzp9ofmKqpJ/?mibextid=CTbP7E>

16 қаңтар күні оқушыларымыздың сапалы білім алуына және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Jas Ulan Team жас ұландардың еріктілік уақыты болып өтті. Жас Ұландықтармен бірлесе отырып алдағы іс-шараларды жоспарлап, топтар құрып, шаралар ұйымдастыруға өз үлестерін қосты және 5-6 сынып оқушыларымен ыстық лебіздерін білдірді.



Осы күні «Көңілді үзіліс» барысында "ДосболLIKE" акциясы шеңберінде оқушылардың қатысуымен қызықты бейнеролик түсірілді. Мақсаты: «ДосболLIKE» жобасы балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытып ғана қоймай, білім беру ортасында сапалы өзара қарым-қатынас үшін берік негіз қалайды. Біз сыныптарда сындарлы әрекет ету дағдыларын және қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру табысты білім алудың негізгі қадамы болатынына сенімдіміз.



<https://www.facebook.com/100033371782360/videos/756912139707516/>

«ДосболLIKE» акциясы аясында «Дебат қозғалысының» фракциясы Бақытбекқызы Кәусардың ұйымдастыруымен «Бұл палата жеке тұлғаның дамуына оның ортасы мен

достары қатты әсер етеді деп есептейді» тақырыбында дебат ұйымдастырылып, “Аманат” және “Сөз мергені” тобы өз пікірлерімен бөлісті.



<https://www.facebook.com/reel/910167757471971>

«ДосболLIKE» акциясы аясында «Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы Нүркеева Нұрайдың ұйымдастыруымен 7 сыныптар арасында «Көңілді үзіліс» өткізіп, оқушыларды сергітіп алды.



<https://www.facebook.com/reel/704712948167667>

«ДосболLIKE» акциясы аясында мектеп президенті Әбдірахманова Айжанның ұйымдастыруымен мұғалімдер мен оқушыларға сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында досқа байланысты қызықты сұрақтар қойылды.



<https://www.facebook.com/reel/242210875602784>

О.Шораяқұлы атындағы №30 мектебінің 10 А сынып оқушысы, мектеп президенті Әбдірахманова Айжан «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымдары арасындағы «Мектеп Президенті» аудандық байқауына қатысып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды.



24 қаңтар күні «Адал Дос-Шын Дос» акциясы «Қамқорлық және еріктілік» фракциясының Шахзадаев Миранның ұйымдастыруымен «Достық» тақтасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында көңіл-күйді көтеретін әуезді әндер орындалып,

оқушылар мен ұстаздар бір-біріне деген жақсы тілектерін білдіріп, тілектерін тақтаға жазып қалдырды.



<https://www.facebook.com/reel/1138680427033890>

26 қаңтар күні «Интеллектуалдар мен зерде» айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспарына сәйкес, математика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қазақ есебі» челленджі өткізілді.

Ұлттық қазынамыздың бірі – қазақтың байырғы қара есептері. Байырғы ұлттың ерте замандағы тұрмыс-салты, әлеуметтік өмірі мен мәдениеті және басқа сипаттары туралы аса құнды ақпарат алуға болатын есептермен таныстырды. Сонымен қатар, оқушылар профессор, ғалым-математика Асқар Жұмаділдаевтің өмірімен, авторлық есептерімен таныс болды.

Ұлттық қазынамыздың бірі – қазақтың байырғы қара есептері. Математика пәні мұғалімдері қазақи есептерді оқушыларға насихаттап, көңілді үзілістерде орындатты.

Оқушылар есеп шығарып, стандартты есептерден бөлек, ұлтымыздың математикаға қаншама ғасырлар бұрын қызығушылығынан туындаған есептердің болғанын байқады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оған құрмет көрсету мақсатында өткен "Қазақ есебі" челленджін өңірдегі барлық мектептерге жолдады.



О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде «ДосболLIKE» акциясы аясында «Мәдениет және өнер» фракциясының мүшесі Асылбекова Айханымның ұйымдастыруымен «Бір мақал, бір тәтті» акциясы өткізіліп, жауабын дұрыс айтқан оқушыларды тәттілермен қуантты.



<https://www.facebook.com/reel/2614155995401964>

“ДосболLike:достық қолын ұсын” акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында “Жақсы көңіл-күй” бағыты бойынша, мектебіміздің Жас Ұлан ұйымының ұланбасы Жаңажол Еркеназдың ұйымдастыруымен өткізілген “Жас Ұлан-Шын Дос” акциясына бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен қатысып, үзіліс уақытын көңілді өткізді.



<https://www.facebook.com/reel/799834398632195>

2024 жылдың 6 ақпан күні О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде Қармақшы ауданының Құрметті азаматы, ардагер ұстаз «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісінің иегері Жалғасбаева Дәмегүл Қожахметқызымен «Білімді ұрпақ. Адал адам. Өркениетті қоғам» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Мақсаты: мектеп тарихымен, зейнеткер ұстаздардың еңбектерімен таныстыра отырып, олар туралы мағлұмат беру. Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

Аудандық білім бөлімінің әдіскері Тоқшылықова Ақтолқын Каналбекқызына алғашқы сөз кезегі берілді. Кездесу барысында Дәмегүл апайдың өмірбаяны және еңбек жолымен таныстырылып, «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерінің әдеби монтажы көрсетілді. Дәмегүл апаймен сұхбат жүргізіліп, еңбек еткен жылдарындағы қызықты оқиғалары, ұстаз болудың қиындығы мен қызығы оқушыларға өзінің ізденімпаздыққа, табандылыққа, жастардың бойындағы отансүйгіштік, адалдық және еңбекқорлық жолдары насихатталды. Шәкірттері Айбытов Асылжан және Қаратаева Райкүл Дәмегүл апаймен әріптес болған уақыттағы естеліктерімен бөлісті. «Qadam» Жастар ресурстық орталығының директоры Н.Пірназаров, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Әбділова өздерінің ыстық лебіздерін білдірді.



15 ақпан күні О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінің тәлімгері П.Мұратбекованың ұйымдастыруымен "Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан" акциясының жылдық жоспарына сәйкес, "Бабалар үні" челленджі эпостық жырларды жатқа оқу айлығына 4 "Б" сынып оқушыларыбатырлар жырын оқып, өз үлесін қосты. ♦ Мақсаты: эпостық жырларды жаттау арқылы "Трендте кітап оқу" жобасын іске асыру.



20 ақпан күні «Көңілді үзіліс» акциясы аясында сабақ арасындағы үлкен үзілісте балаларға пайдалы шаралар ұйымдастыру мақсатында қимыл-қозғалыс ойыны өткізілді. Шара 5-11 сынып оқушылары қамтылды. Жеңіске жеткен 11 «Б» сынып оқушысы Қарашолақов Жарас арнайы сыйлыққа ие болды.



<https://www.facebook.com/reel/1163127191544638>

22 ақпан күні 4-10 сыныптар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту мақсатында «Оқуға құштар ұлан» челленджі өткізілді. Кемелденудің ең қажетті жолы-кітап оқу. Оқырмандар өздерінің оқыған кітаптарына жарнама жасай отырып келесі оқырмандарға ұсынды.



23 ақпан күні «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» Жас Ұлан ұйымының жылдық акциясы аясында, Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай оқырмандарға ұлы баба ілімінің ізгілікті ойлары туралы білім беру мақсатында «Өнегеңмен ұлысың, ұлы баба» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқырманға Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен хикметтері жайлы мағлұмат беру, Хикметтерін, ақыл-нақылдарын оқыту арқылы ізгілікке, адамгершілікке, мейірімділікке шақыру. Елімізде тарихы ежелгі заманнан бастау алатын ғасырлар бойы қалыптасқан көптеген мәдени Ескерткіштер сақталған. Осындай бірегей жәдігерлердің бірі - сопылық сопылықтың түркі тармағының негіз қалаушы, ойшыл ақын Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Биыл қазақ тарихында ғана емес бүкіл түркі әлемінде өшпес із қалдырған Қожа Ахмет Яссауиге 930 жыл толды.

Қожа Ахмет Яссауи (1093 -1166) - қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзиясының негізін салушы күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер. Кітапханамызда "Өнегеңмен ұлысың Ұлы баба" атты кітап көрмесі қойылып оқырмандарға таныстырылды.



27 ақпан күні “Кітап оқы, ойға тоқы, Жас ұлан” ұйымының жылдық акциясы аясында М.Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай, «Ереуіл атқа ер салмай, Ерлердің ісі бітер ме?» тақырыбында жас ұландықтар ой-пікірлерімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/fCRFNmTkJyucMVRH/?mibextid=CTbP7E>



Алғыс айту күні — бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл күн- қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің, мәдени саналуандығымыздың жарқын күні! Осы орайда Мектеп парламентінің мүшелері барша қазақстандықтарды, мектеп ұжымын мектебіміздің кіші қызметкерлерін құттықтады. Қазақстан халқы бұл мейрамды алғаш рет 2016 жылы атап өтті. 2016 жылдың 14 қаңтарында тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін, яғни 1 наурызды “Алғыс айту” күні етіп жариялады. Осы мереке қарсаңында “Жас Ұлан” ұйымының мүшелері алғыс білдірді.



<https://www.facebook.com/reel/951379979916693>

Мерекеге орай, мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және де "Мектеп парламенті" керемет көңіл-күй сыйлау мақсатында мұғалімдер, қызметкерлер мен оқушыларды қарсы алу сәтін ұйымдастырды.



<https://www.facebook.com/reel/951379979916693>

1- наурыз "Алғыс айту" күніне орай ұйымдастырылған іс-шара барысында Мәдениет және өнер фракциясының жетекшісі және 10 «А» сынып оқушысы Асылбекова Айханым ұстаздарға арнап өлең-шумақтарын оқып, алғыстарын білдіріп, алғыс жәшігіне құттықтауларын, тілектерін жазып салды. Сонымен қатар бірнеше ұстаздардан сұхбат алынды.



8 наурыз мейірімді әрі жылы мейрам-Аналар күні. Анаға ән арнамаған сазгер, жыр арнамаған ақын жоқ шығар?! Өмір сыйлаған жанға деген құрметін қазақ әркез өлеңмен өрнектеген. Осы орайда анаға деген сүйіспеншілікті ояту, мерекелік көңіл-күй қалыптастыру мақсатында «Мәдениет және өнер» фракциясының мүшелері "Поэзия әлемі" атты ақындар шығармашылығынан аналарға арналған өлеңдер оқу (бейнеролик) байқауы ұйымдастырылды. Осы байқау арқылы балалардың поэзияға деген құрметі, қызығушылықтары артты.




14 наурыз күні «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» тақырыбында ұлттық құндылықтарды насихаттау, қазақ халқының ұлттық киімдерінің мәнімен мағынасын үйлесімділігін айта отырып, оқушылардың ұлттық сана сезімін ояту мақсатында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» тақырыбында челленджін ұсынды. Іс-шараның мақсаты-оқушылар бойында ұлттық сана сезімді ояту арқылы эстетикалық тәрбие беруді көздейді.



17 наурыз күні Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай, ақын шығармашылығынан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу мақсатында 7-8 сынып оқушыларымен «Оралхан Бөкей-төр Алтайдың асылы» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Мақсаты:

оқушыларға ақын шығармашылығынан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу. Аталмыш шарада кітапханашы оқырмандарға жазушының өміржолынан мағлұмат берсе, қатысқан 30 орта мектептің 7-8 сынып оқушылары жазушының шығармаларынан үзінділер оқыды. Сонымен бірге "Оралхан Бөкей - көркем сөздің құлагері " атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, таныстырылды.



Осы күні "Жас ұлан" ұйымының жылдық жоспарына сәйкес, "Кітап оқы, ойға тоқы, Жас ұлан" акциясы аясында ақын, жазушы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған «Шәкәрім дүниетанымы» әдеби жәрмеңке өткізілді. Мақсаты: Жас ұландардың Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы білімдерін дамыту және өлеңдері арқылы рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болуға, сүйіспеншілікке, ішкі рухани тазалыққа үйрету. Шәкәрім – қазақ мәдениеті тарихында орны зор, еңсесі биік ерекше тұлға. Ол – заманның озық ойлы демократы, ірі ағартушысы, терең ойшылы, қоғам қайраткері. Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы, философ, өз заманының үлкен ойшылы еді, қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңдерін түрлендіре түскен, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан әрмен танытқан бірегей қаламгер еді. Қилы заманда оққа ұшқан ақынның есімі де жұртшылық санасынан аласталмақ болған еді. Бірақ «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші өзі өлсе де аты өшпеген Шәкәрім атамыздың шығармалары әлі де жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып келеді.



17 наурыз күні «Ұлттық құндылық» айы барысында «Домбырашылар» челленджі өткізілді. Челлендж – еліміздің барлық білім беру ұйымдарын біріктіретін мереке атмосферасын құруға, өз еліне, өзінің Отанына мақтаныш сезімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, білім алушылардың қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыратын кең ауқымды республикалық акция. Домбырашылар челленджі – балалар мен жастардың, мұғалімдер мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны танымал ету. Мектебіміздің 5-7 сынып оқушылары домбыра тарту челленджіне өз үлестерін қосты.



21 наурыз күні Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мерекесіне орай мектебімізде «Наурызым – мерекем, наурызым – берекем» тақырыбында ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында оқушыларымыз сахналық қойылымдар қойды. Әрі қарай мерекелік іс-шарамен жалғасты.



🌈 Құс барлық пен байлықтың, әсемдік пен сұлулықтың белгісі болған.

11 сәуір күні О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» жылдық жоспарына сәйкес, “Қанатты достар” акциясына «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелері өз үлестерін қосты.

✓ Акцияның басты мақсаты – оқушыларды құстарға және қоршаған ортаға қамқор бола білуге тәрбиелеу, экологиялық білімдерін қалыптастырып, табиғатты қорғап, аялай білуге үйрету және құстарға қамқор болуға баулу болып табылады.

🌱 Акция аясында "Жас Ұлан" ұйымының мүшелері құстарға арнап ұя жасап, олардың тамақтануына ыңғайлы етіп ағашқа орналастырды. Осы арқылы оқушылар бойында "мейірімділік", "қамқорлық" секілді құнды қасиеттердің қалыптасары анық. Мұндай акциялар алдағы уақытта өз жалғасын табарына сенімдіміз.



<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3534440346818596/>

12 сәуір күні 4-9 сыныптар арасында шахматтан республикалық челлендж өткізілді. Челлендж мақсаты – шахмат арқылы балалардың зияткерлік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту.



Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 «Б» сыныбында 08.04.2024 жылы "Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергенің" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, әдептілікке тәрбиелеу. Өз ойын нақты, анық жеткізе білуге үйрету.



<https://www.facebook.com/share/p/rWe2uJRLBZm6U2xw/?mibextid=WaXdOe>

Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 "Б" сыныбында 15 сәуір күні "**Сыпайылық – адамгершілік айнасы**" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың білгендерін бір жүйеге келтіру, толықтыру, сыпайы сөздерді орнымен қолдануға үйрету

Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, оқушылардың бойына адамгершілікті сіңірту;



Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 "Б" сыныбында 22 сәуір күні "**Менің жақсы қасиеттерім**" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың өздерінің қандай бала екенін анықтауына көмек беру. Оқушы өзін-өзі тануға ұмтылады. Өзіне-өзі есеп беріп, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелейді



Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 "Б" сыныбында 29 сәуір күні "**Бірлігі жарасқан татулық мекені**" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Жас ұрпақты тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды бағалауға үйрету. Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру.

Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Оқушылардың бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімдерді ұялату, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.



Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 «Б» сыныбында 6 мамыр күні "**Жеңіс деген шат күлкісі баланың**" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Ұлы Отан соғысы туралы, елін жаудан қорғап қалған ержүрек отандастарымыз туралы түсінік беру; туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру; ата - бабамыздың ерлік істерін қастерлеп, үлгі - өнеге тұту; елжандылыққа, туған елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу;



Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 «Б» сыныбында 13 мамыр күні " **Еңбек! Арман! Сенім!** " тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың адамдардың бір-біріне деген сенімді қарым-қатынас жасауы туралы түсініктерін кеңейту

«Сенім» ұғымының мән-мағынасын ашу;

Өз замандастарымен сенімді қарым-қатынас құра білу қабілеттерін дамыту;

Өзіне, өзгеге және қоғамға сенім білдіруге дағдыландыру



Омар Шораяқұлы атындағы 30 орта мектептің 5 «Б» сыныбында 13 мамыр күні " **Жазғы демалыс уақытындағы балалардың өмір қауіпсіздігі** " тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ескертпе хатпен таныстырылды

15-19 мамыр аралығында «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарына сәйкес, қазақтың көрнекті жазушысы, ақын, драматург, публицист, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай жазушының мұрасын оқырмандарға таныстыру және оның көркем шығармашылығын насихаттау, оқырманның ой- өрісін кеңейту, қазақ халқының рухани құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында мектебіміздің «Жас Қыран» ұйымының мүшелері ұлы тұлғаның өлеңдерін жатқа айтып, барша оқырманға кітап оқуға кеңес берді.



<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3539113759684588/>

22 сәуір күні «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарына сәйкес, қоғам қайраткері, мәдениеттанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткері Мұрат Әуезовтің 80 жылдығына орай өмірі мен шығармаларын таныстыру мақсатында мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерімен «Мұрат Әуезов – ұлы тұлға» тақырыбында жазушының өмірбаяны, шығармалары және нақыл сөздеріне тоқталып, оқиғаларын баяндады.



<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3553936334868997/>

25 сәуір күні ұлы ойшыл, фольклор танушы, философ, ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 165 жылдығына орай өмірі мен шығармаларын таныстырумен қатар әдеби мұрасын насихаттау мақсатында 8-10 сынып оқушыларымен «Мәшһүр Жүсіп әлемі» тақырыбында видеочеллендж ұйымдастырылды.



<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3553948131534484/>

26 сәуір күні үзіліс уақытын пайдалы ұйымдастыру мақсатында мектебіміздің Жас Ұландары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жас Ұландар жоғары деңгейде белсенділік танытып, мектеп ауласында ағаштарды әктеп, тазалау, ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді.

Акцияның мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштік, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын дәріптеу. Біз "Жас Ұлан" ұйымы "Таза Қазақстан" акциясымен біргеміз!



<https://www.facebook.com/groups/1643219849273998/permalink/3553955608200403/>

1-мамыр күні «БІнтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға патриоттық тәрбие беру, халықтар арасындағы достықты көрсету, достық қарым-қатынас қалыптастыру, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.



О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған "Таза Қазақстан" Республикалық экологиялық акциясын жүзеге асыру мақсатында 2024 жылдың 6 мамыр күні мектеп бітіруші түлектері "Менің мектебім" іс-шарасы аясында мектеп ауласын тазалау, ағаштардың түбін қопсыту мен ақтау, гүлдер егу, су құю жұмыстары ұйымдастырылды.



7 мамыр - «Отан қорғаушылар күні» Біздің отандастарымыз үшін бұл мереке батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау әр Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келеді. өскелең ұрпақтың адамгершілік - патриоттық Азаматтық жауапкершілік сезімдерін ояту, жас ұрпақты Отаның сүйеге тәрбиелеу, балаларды жалпы азаматтық құндылықтарға, мәдениетке тарту мақсатында "Ұранды ердің-ұрпағы қайсар" атты тәрбие сағаты өткізілді. Шара барысында 7 мамыр мерекесінің тарихымен таныстырылып, сонымен қатар оқушылар үшін «7 мамыр – ел қорғаны» атты кітап көрмесімен танысты.



8 мамыр күні " 9-мамыр Жеңіс күні мерекесі қарсаңында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Ұлы Отан соғысы туралы, елін жаудан қорғап қалған ержүрек отандастарымыз туралы түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, туған жерін, елін, жерін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.



24 мамыр күні "Білім-Отаным" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру, мәдени құндылықтарды баланың бойына сіңіру. Жас ұрпақты туған жерін, туған елін құрметтейтін, саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.



25 мамыр күні 11-сынып бітіруші түлектерге арналған «Мектебім саған мың алғыс!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Биылғы жылы 11 түлектердің бітіруші іс-шарасы қарапайым форматта өткізілді. Бұрынғыдай шарлармен көркемделіп салтанатты іс-шара болмады. Себебі еліміздің батыс өңіріндегі су тасқынынан зардап шеккен ауыртпашылықты халықпен үндес екенін жеткізуге тырысты. Мектеп бойынша бітіруші түлектердің ата-аналары тәрбие сағаты барысында мектебіміздің мүмкіндігі шектеулі оқушының еміне қаржылай қолдау көрсетті. Сонымен қатар мектепті 20 жыл бітірген түлектер мектепке «Ата-аналарды қолдау» кабинетіне 150 мыңға қаржыға стенд жасатып берді. Сондай-ақ су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға көмек көрсетілгені жайлы мәліметтер беріліп, елдің бірлігін сақтауда зардап шеккен аймақтармен бірге үндес екенін жеткізді.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Ж.Әбділова